

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің респубикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» респубикалық мемлекеттік мекеме директорының

2022 жылғы 25 05.

№ 01-54/56 бүйрөгіна № 1-қосымшасы



## Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

### Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің

«Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің респубикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» респубикалық мемлекеттік мекемесінің «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы - оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша 2022-2023 оку жылына білім алушыларды қабылдау ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің респубикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» респубикалық мемлекеттік мекемесінің «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы - оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша 2022-2023 оку жылына білім алушыларды қабылдау ережесі (одан әрі – 2022-2023 оку жылына қабылдау ережесі) техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламасын іске асыратын «Дене шынықтыру және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша күндізгі оку бөліміне білім алушыларды қабылдау тәртібін реттейді.

2. 2022-2023 оку жылына қабылдау ережесі «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заны (одан әрі – Зан), «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заны, Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандығы № 578 бүйрөгімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 125804 болып тіркелген) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (одан әрі – Оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары) және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 69 бүйрөгімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 85704 болып тіркелген) Олимпиадалық резервтің респубикалық, облыстық, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларга арналған облыстық, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттары қызметінің қағидаларына (бұдан әрі – Қағида)

сәйкес және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК немесе мекеме, немесе көрсетілетін қызмет беруші) «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландырылатын техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асырылады.

4. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК жалпы орта (жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік), жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, атtestat) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

Стипендиялық бағдарламалар бойынша білім алған адамдарды қоспағанда, шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім алуға құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

5. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға түсі кезінде Заңның 26-бабы 8-тармағында және «Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйимдарына оқуға қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысында анықталған белгіленген тұлғаларға квоталар қарастырылады.

## **2. Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК білім алушыларды қабылдау. Құжаттарды қабылдау және қабылдау емтихандарын өткізу тәртібі**

6. Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК техникалық және кәсіптік білімі бар орта буын кадрларын даярлау бойынша тұлғалардың оқуға өтініштерін Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша күндізгі оқу бөліміне 2 жыл 10 ай мерзімі негізінде қабылдайды.

7. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау үшін, түсі емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау кезеңінде Мекеме басшының бұйрығымен күнтізбелік жылғы 10 маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады, ол тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК жұмыскерлері, Қамқоршылық кеңестің өкілдері (болмаган жағдайда-жұмыс берушілердің өкілдері) және қоғамдық үйимдардың өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің ішінен хатшы тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрагасы Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК басшысы немесе оның міндетін аткарушы тұлға болып табылады.

8. К. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК қабылдау, арнары және/немесе шығармашылық емтихандар өткізу үшін емтихан комиссиясы құрылады. Емтихан комиссиясының құрамына дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілдеп орган өкілдері, К.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК жұмыскерлері, спорт түрлері бойынша мемлекеттік жаттықтырушылары, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді. Емтихан комиссия мүшелерінің көп дауысымен комиссияның төрағасы сайланады. Емтихан комиссиясының құрамы К.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Қабылдау және/немесе емтихан комиссияларының шешімдері егерде, отырыста оның құрамының үштен екі бөлігі қатысады жағдайда заңды болып табылады. Дауыс тен болған жағдайда қабылдау және/немесе емтихан комиссиясының басшысының шешімі негізгі шешім болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау және/немесе емтихан комиссиясының қорытынды отырысында аудио-немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио-немесе бейнежазба К. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК мұрагатында кемінде бір жыл сақталады.

10. Караптин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру үйімі акпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.

11. К.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК білім алушыларды қабылдау ережесі ағымдағы құнтізбелік жылдың 1 маусымынан кешіктірмей Мекеменің [www.kazhimukansportmektebi.kz](http://www.kazhimukansportmektebi.kz) интернет-ресурсында және ақпараттық стендерде жарияланады.

12. К.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуга азаматтардың өтініштерін қабылдау орта буын мамандарын даярлауды қөздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың қундізгі нысанына **құнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 тамызы** аралығында жүзеге асырылады.

13. Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат -колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына түсү үшін оқуга түсішілер (егер оқуға түсүші кәмелетке толмаған жағдайда) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кенсесіне немесе «Электрондық үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Қағидалардың 1-қосымшаның «Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-интернаттарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – Стандарт) және осы 2022-2023 оқу жылына қабылдау ережесінің 1-қосымшасында көрсетілген құжаттарды қоса, еркін нысандағы өтінішті береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Стандартында Қағидалардың 1-қосымшасына және осы 2022-2023 оқу жылына қабылдау ережесінің 1-қосымшасында сәйкес баяндалған.

14. Стандарттың 8-тармағы 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 және 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 абзацтарында көрсетілген құжаттар оқуға түсушіден немесе оның занды тұлғаларынан жеке қабылданады.

15. Оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 9-тармағында көрсетілген оқуға түсушілердің қабылдау квотасы көзделген адамдарға тиесілігін растайтын құжаттар Қ. Мұңайтпасов ОРММИК қабылдау комиссиясына ұсынылады.

Қ.Мұңайтпасов ОРММИК қабылдау комиссиясы құнтізбелік жылдың 20 тамызынан бастап қабылдау квотасы көзделген талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын қалыптастырады.

16. Оқуға түсушілерден түскен өтініштері Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК тіркеу журналдарына тіркеледі.

17. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқуға қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптаманың (медициналық анықтаманың) ұсынымдары мен карсы көрсетілімдері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

18. Қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарына қатысу үшін мүгедек балалар және мүгедектер (көру, есту, тірек-қымыл аппаратының функциялары бұзылған) «Медициналық - әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардагы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектің туралы анықтама ұсынған кезде, қажет болған жағдайда, мемлекеттік комиссия төрағасының атына:

1) жеке аудитория ұсыну;

2) көру, тірек-қымыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар шенберінде тапсырылатын пәндердің мүгалімі болып табылмайтын көмекшінің және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманның қажеттілігі туралы еркін нысанда қосымша өтініш бере алады.

19. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкери құжаттарды кеңсеге немесе портал арқылы тапсырған сәттен бастап 4 (төрт) сағат ішінде ұсынылған құжаттардың осы Стандарттың 5-тармағында көзделген талаптарына толықтығын және сәйкестігін тексереді.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініштің көшірмесіне күні мен тегін көрсете отырып, қабылданғаны туралы белгі қояды, порталда – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

20. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты қызметкери өтінішті қабылдаудан бас тартады және көрсетілетін қызметті алушыға Қағидалардың 1-1-қосымшасына және осы 2022-2023 оқу жылына қабылдау ережесінің 1-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан дәлелді бас тарту береді, порталда – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен койылған электрондық құжат

нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды.

21. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерінің тегі мен күні көрсетілген қабылдау туралы белгісі бар өтініштің көшірмесі, сонымен қатар осы 2022-2023 оқу жылына қабылдау ережесінің 1-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжатты алғаны туралы қолхат, немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі болып табылады.

Порталда – көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама немесе көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап орналастырылады.

22. Мемлекеттік қызметті көрсету орнының мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Бөгенбай батыр даңғылы, № 5-үй, бұл мекенжай Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында: [www.gov.kz/entities/mcs](http://www.gov.kz/entities/mcs) «Қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Мекеменің интернет-ресурсында көрсетілген телефондар арқылы немесе бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы алуға болады.

23. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оқуға түсуші тұлғалар арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар, оның ішінде психометриялық тестілеу (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) тапсыру арқылы қабылданады. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарды өткізу тақырыптарын Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК өз бетінше белгілейді.

Орта буын кадрларын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған қабылдау емтихандары:

1) жалпы орта білімі бар тұлғалар үшін үш пән бойынша: қазақ тілі (мемлекеттік тілде оқитындар үшін) немесе орыс тілі (орыс тілінде оқитындар үшін), Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән (биология);

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар, мамандық бейініне сәйкес келмейтін тұлғалар үшін, - мамандықтың бейіндік пәні бойынша;

3) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

24. Қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандары, оның ішінде психометриялық тестілеу (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) бар, бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Кестені тұсу емтихандарының өтетін күні мен уақытын, орын көрсете отырып Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК директоры З (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей емтихан өткізерден алдын ала бекітеді және оны Мекеменің ақпараттық стендері мен және интернет ресурстарында орналастырады.

25. Каантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда арнайы және/немесе шығармашылық емтихандары, оның

ішінде психометриялық тестілеулер (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) жүргізілмейді.

26. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап білім туралы құжатқа сәйкес міндettі және бейіндік пәндер бойынша бағалардың немесе шығармашылық конкурстың және/немесе басқа да арнайы конкурстардың нәтижелері бойынша бағалардың жиынтық балын көрсете отырып, Білім туралы заңының 26-бабының 8-тармағына сәйкес қабылдау квотасы көзделген талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын білім беру үйімінің сайтында қалыптастырады және оның күн сайын жаңартылуын қамтамасыз етеді.

27. Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММІК-на түсетін адамдар арасындағы конкурсты Мекеме қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың, оның ішінде психометриялық тестілеудің нәтижелері бойынша бос орындар контекстінде (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін сұхбат, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) нәтижелері бойынша максималды үпай санына сәйкес дербес өткізеді.

28. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың нәтижелері арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар өткізілетін күні Мекеменің ақпараттық стендтінде немесе интернет-ресурсында орналастырылады.

29. «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, Спорт жаттықтыруышысы – оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша арнаулы емтиханды өткізу нысаны оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады және келесіні қамтиды:

1) психометриялық тестілеу (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу);

2) мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыру.

30. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММІК оқуға түсетін тұлғалар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары **ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мен 27 тамыз** аралығында өткізіледі.

31. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММІК оқуға түсетін тұлғалар арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар бойынша мамандандыру нормативтерін тапсырады: Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММІК басшысының 2022 жылғы 20 мамырдағы № 01-09/69 бұйрығымен бекітілген 2022-2023 оку жылына арналған жалпы дene дайындығы мен таңдаған спорт түрінен арнайы дene дайындығы бойынша оқушы-спортшыларды қабылдау және бақылау-ауыстыру нормативтеріне сәйкес жалпы дene дайындығы және таңдаған спорт түрінен арнайы дene дайындығы бойынша арнаулы емтихандар тапсырады.

32. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихандары кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының тәрағасы бекітеді және оны оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірмей жеткізеді.

33. Оқуға түсушінінің арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар өткізілетін аудиторияға кіруіне жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде рұқсат етіледі.

34. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық параптарды ресімдеу

тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы емтиханнның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

35. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарының өткізу қорытындылары – бағалау ведомостарымен ресімделеді. Емтихан «жіберілді» немесе «жіберілмеді» деген түрде көрсетіледі.

36. Караптин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда арнайы және/немесе шығармашылық емтихандары қорытындылары білім беру ұйымының қабылдау комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.

37. Қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың, оның ішінде психометриялық тестілеу (кәсіби жарамдылықты анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) бар, нәтижелері өткізілетін күні Мекеменің ақпараттық стенде немесе интернет-ресурсында орналастырылады.

38. Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК окуға түсушілерге қабылдау емтихандары күндізгі оқу нысаны бойынша өткізіледі:

- **бірінші кезең**: ағымдағы күнтізбелік жылдың **25 тамызында** кәсіби жарамдылықты анықтау үшін, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу бойынша әңгімелесу, Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оку корпусында өткізіледі (Нұр-Сұлтан қ., Бөгенбай батыр даңғылы, № 5-үй);

- **екінші кезең** - ағымдағы күнтізбелік жылдың **26 тамызында** жалпы дene дайындығы бойынша нормативті және таңдаған спорт түрінен арнайы дene дайындығы бойынша нормативті тапсыру, Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК «Қажымұқан» спорт кешенінде (Нұр-Сұлтан қ., Конституция қ-сі, № 3-үй) және Нұр-Сұлтан қаласының спорттық кешендер базаларында өткізіледі;

- **үшінді кезең** - ағымдағы жылғы **27 тамызында** жалпы білім беру пәндері бойынша емтихандар, Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК оку корпусында өткізіледі (Нұр-Сұлтан қ., Бөгенбай батыр даңғылы, № 5-үй).

39. Арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар келесі баллдармен бағаланады: «2», «3», «4», «5».

40. Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

41. Қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

42. Караптин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығына түсетін тұлғалар спорттық көрсеткіштер мен жетістіктер бойынша портфолиосын тапсырады.

43. Қабылдау, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың, оның ішінде психометриялық тестілеудің (кәсіби жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) нәтижелерін бағалау кезінде бірынғай талаптардың сакталуын камтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу максатында, Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрады. Апелляциялық комиссия оның мүшелерінің тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК педагогтарының қатарынан құрылады. Бір тестілеу пәні бойынша кемінде екі адам

болуы тиіс. Апелляциялық комиссияның құрамынан оның мүшелерінің көпшілік дауысымен төраға сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

44. Емтихан нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға беріледі емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссия өтініш берген күннен бастап, өтініш берушінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде қарайды.

45. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырган Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және апелляциялық комиссияның барлық мүшелерінің қолдары койылған хаттамалармен ресімделеді.

46. Олимпиада және Азия ойындарының, Әлем, Азия, Қазақстан Республикасы чемпионаттарының чемпиондары мен жүлдегерлері әңгімелесу нәтижелері бойынша Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК-не қабылданады.

### **3. Білім алушылар құрамына қабылдау**

47. Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК окуға қабылдау, окуға тұсу емтихандарының пәндері/пәндері үшін бағалар, арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар, оның ішінде психометриялық тестілеу (кәсіби жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу, оның ішінде педагогикалық жағдайды шешу) сомаларының орташа мәні ретінде айқындалатын орташа конкурстық балл негізінде жүзеге асырылады.

48. Окуға тұсушілердің орташа конкурстық балы тең болған кезде «Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысына сәйкес бірінші кезекте білім туралы құжаттың орташа балы және (немесе) квота санаты көзделген адамдар санаты ескеріледі.

49. Үміткерлерді конкурстық іріктеу қорытындылары емтихан комиссиясының хаттамасымен ресімделеді және күнтізбелік жылдың 29 тамызында Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК интернет-ресурсында орналастырылады.

50. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК білім алушыларының құрамына қабылдау 01140500 – «Дене тәрбиеі және спорт» мамандығы, 4S01140503 – «Спорт жаттықтыруыш – оқытушысы» біліктілігі бойынша комиссиясының ашық отырысында оқыту тілі бойынша жүргізіледі және Мекеме басшысының бұйрығымен рәсімделеді, ол күнтізбелік жылдың 31 тамызында тұсушілердің назарына ақпараттық стенде және [www.kazhimukansportmektebi.kz](http://www.kazhimukansportmektebi.kz) Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК интернет-ресурсында орналастыру арқылы жеткізіледі.

51. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК окуға қабылдау кезінде Мекеме әкімшілігі білім алушыны немесе оның заңды өкілдерін (егер білім алушы кәмелетке толмаған болса) Мекеменің жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиямен, бекітілген Ішкі тәртіп және күн тәртібі қағидаларымен,

жатақханада тұру қағидаларымен (егер білім алушы басқа елді мекеннен келген жағдайда) және мекемеде оқу-тәрбие, оқу-жаттығу процестерін қабылдау және ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндettі.

52. Білім алушыларды қабылдау кезінде Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК әкімшілігі білім алушымен не оның занды өкілдерімен (егер білім алушы кәмелетке толмаған болса) Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 125804 болып тіркелген) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасады.

#### **4. Көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

53. Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде шағымы мекеме басшысының атына беріледі.

54. Шағым жазбаша нысанда пошта арқылы немесе электрондық түрде не Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК кенсесі немесе Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (бұдан әрі – МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті) арқылы қолма-қол беріледі, немесе бейне өтініш түрінде, сондай-ақ портал арқылы ұсынады.

55. Шағымның қабылданғанын растау (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні) Қ. Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК немесе МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті кенсесінде тіркелуі болып табылады. Жеке өзі келген кезде немесе бейне өтініш арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға кіріс құжатты қабылдау күні мен уақыты және нөмірі көрсетілген, шағымды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген талон беріледі.

56. Шағымда жеке тұлға тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірін, пошталық мекенжайын және қолын көрсетеді.

57. Әдейі де, пошта арқылы да келіп түскен шағымның қабылданғанын растау оны тіркеу болып табылады (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта қойылады).

58. Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК немесе МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мекен жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

59. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап, көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы жіберіледі немесе колма-қол Қ.Мұңайтпасов атындағы ОРРММИК немесе МСМ Спорт және дене шынықтыру істері комитеті кенсесінде беріледі.

60. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

Олимпиадалық резервтің  
республикалық, облыстық,  
республикалық маңызы бар  
қалалардың, астананың  
мамандандырылған мектеп-интернат-  
колледждері және спорттағы дарынды  
балаларға арналған облыстық,  
республикалық маңызы бар  
қалалардың, астананың мектеп-  
интернаттары қызметінің  
қафидаларына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және спорт министрлігі Спорт және  
дene шынықтыру істері комитетінің  
«Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы  
олимпиада резервінің республикалық  
мамандандырылған мектеп-интернат-  
колледжі» РММ «Дене тәрбиесі  
және спорт» 01140500 мамандығы,  
«Спорт жаттықтырушысы-оқытушы»  
4S01140503 біліктілігі бойынша  
2022-2023 оку жылына білім  
алушыларды қабылдау ережесіне  
1-қосымша

**«Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық  
маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-  
интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған  
облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мектеп-  
интернаттарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету  
стандарты**

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы  

Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2. Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері  

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы немесе «электрондық үкіметтің» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсете мөрзімі Көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне немесе портал арқылы құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 4 (төрт) сағат.
4. Мемлекеттік қызмет көрсете нысаны Электронды (ішінара автоматтындырылған) / қағаз түрінде.  
Мемлекеттік қызмет көрсете нәтижесі Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерінің тегі мен күні көрсетілген қабылдау туралы белгісі бар өтініштің көшірмесі немесемемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.
5. Порталда – көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама немесе көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6. Мемлекеттік қызмет Ақысыз.  
көрсете кезінде  
көрсетілетін қызметті  
алушыдан алынатын  
төлемақы мөлшері және  
Қазақстан  
Республикасының  
заннамасында  
көзделген жағдайларда  
оны алу тәсілдері
7. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі Көрсетілетін қызмет беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00 – дең 14.30 – га дейінгі тұсқі үзіліспен сағат 09.00 – дең 18.30-ға дейін.  
Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс жағдайда)

аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс, мереке күндері Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес жүгінген кезде өтінімді қабылдау, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекен-жайлары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында: [www.gov.kz/entities/mcs](http://www.gov.kz/entities/mcs) «Қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне: Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттары-колледждері (бұдан әрі - ОРММИК) және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттардың (бұдан әрі - СДБМИ) 5, 6, 7, 8, 9, 10 және

11 сыныптарына оқуға түсушілер үшін:

- 1) ата-анасының бірінің (занды өкілінің) еркін нысандағы өтініші;
- 2) оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжат немесе жеке сәйкестендіру нөмірі бар туу туралы куәлігі (сәйкестендіру үшін);
- 3) оқуға түсушінің ата-анасының немесе занды өкілдің жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 4) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған спортшының жеке карточкасы;
- 5) негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестат немесе жалпы орта білім туралы аттестат (10, 11 сыныптарға оқуға түсетін кезде);

8. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

6) куәліктің немесе мынадай спорттық атақтарды немесе спорттық разрядтарды беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме:  
 «Қазақстан Республикасының Еңбек сінірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері»,  
 «Қазақстан Республикасының спорт шебері»,  
 «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат», «1-разрядты спортшы»,  
 «2-разрядты спортшы»,  
 «3-разрядты спортшы», «1-жасөспірімдік разрядты спортшы», «2-жасөспірімдік разрядты спортшы», «3-жасөспірімдік разрядты спортшы», мынадай спорттық атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы куәліктің көшірмесі немесе бұйрықтың үзіндінің көшірмесі.

Спорттық атақты беру туралы бұйрықтың көшірмесі немесе бұйрықтан үзінді уәкілетті органның мөрімен расталады, ал спорттық разрядты беру туралы бұйрықтың көшірмесі немесе бұйрықтан үзінді жергілікті атқарушы органның мөрімен расталады;

- 7) 3x4 өлшемдегі алты фотосурет;
- 8) «Денсаулық сактау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығы)
- 3-қосымшасымен бекітілген амбулаториялық-емханалық ұйымдарда пайдаланылатын медициналық есепке алу құжаттамасының түпнұсқасы, атап айтқанда, № 075/у нысандағы медициналық анықтамасы (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) қанның,

несептің жалпы талдауының деректері өтінім беру күніне дейін 10 күнтізбелік күн бұрын, стоматолог, эндокринолог, кардиолог, туберкулезге қарсы маманның (фтизиатр) (тұракты Манту реакциясы жағдайында) қорытындылары), № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық науқастың медициналық картасы (бар болған жағдайда), № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелердің картасы, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай туралы медициналық анықтама, жүректің, бүйректің, ішектің мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі туралы медициналық қорытындылары, электроэнцефалограф негізінде жасалған медициналық қорытындысы, сондай-ақ мидың магниттік-резонанстық көрінісі туралы қорытындысы (бокс боліміне түсү кезінде);

9) ОРММИК-ке оқуға түсушілер үшін бірыңғай республикалық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген халықаралық немесе республикалық немесе облыстық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғаны туралы куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстар хаттамаларының көшірмелері (бар болған жағдайда);

10) облыстық ОРММИК-ке және СДБМИ-ға оқуға түсушілер үшін бірыңғай аймақтық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе қалалық, немесе аудандық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғандығын куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстың хаттамалардың көшірмелері (бар болған жағдайда).

**ОРММИК колледжінің бірінші курсына оқуға түсушілер үшін:**

- 1) еркін нысадағы өтініш;
- 2) оқуға түсушінің жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) жалпы орта білім туралы атtestat;

- 4) Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты немесе кешенді тестілеу сертификаты (бар болған жағдайда);
- 5) «Қазақстан Республикасының Еңбек сінірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат» келесі спорттық атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы қуәліктің көшірмесі немесе бұйрықтың (бұйрықтан үзінді) көшірмесі.
- Спорттық атақты беру туралы бұйрықтың көшірмесі немесе бұйрықтан үзінді уәкілетті органның мөрімен расталады, спорттық разряд беру туралы бұйрықтың көшірмесі немесе бұйрықтан үзінді жергілікті атқарушы органның мөрімен расталады;
- 6) 3x4 өлшемдегі алты фотосурет;
- 7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығының 3-қосымшасымен бекітілген амбулаториялық-емханалық ұйымдарда пайдаланылатын медициналық есепке алу күжаттамасының түпнұсқасы, атап айтқанда, № 075/у нысандағы медициналық анықтамасы (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) қанын, несептің жалпы талдауының деректері өтінім беру күніне дейін 10 күнтізбелік күн бұрын, стоматолог, эндокринолог, кардиолог, туберкулезге карсы маманың (фтизиатр) (тұракты Манту реакциясы жағдайында) корытындылары), № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық науқастың медициналық картасы (бар болған жағдайда), № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелердің картасы, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай туралы медициналық анықтама,

**жүректің, бұйректің, ішектің мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі туралы медициналық қорытындылары, электроэнцефалограф негізінде жасалған медициналық қорытындысы, сондай-ақ мидың магниттік-резонанстық көрінісі туралы қорытындысы (бокс бөліміне тұсу кезінде);**

**8) ОРММИК-ке оқуға тұсушілер үшін бірыңғай республикалық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың құнтізбесіне енгізілген халықаралық немесе республикалық немесе облыстық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғаны туралы куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстар хаттамаларының көшірмелері (бар болған жағдайда);**

**9) Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған спортшының жеке карточкасы.**

Порталға:

ОРММИК және СДБМИ-дың 5, 6, 7, 8, 9, 10 және 11 сыныптарына оқуға тұсушілер үшін:

көрсетілетін қызметті алушының (ата-анасының немесе заңды өкілінің) ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу);

1) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған спортшының жеке карточкасының электрондық көшірмесі;

2) негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестаттің немесе жалпы орта білім туралы аттестаттің электрондық көшірмесі (10, 11 сыныптарға оқуға түсетін кезде);

3) «Қазақстан Республикасының Еңбек сінірген спорт шебері», «Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шебері», «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат», «1-разрядты спортшы», «2-разрядты спортшы», «3-разрядты спортшы», «1-жасөспірімдік

разрядты спортшы», «2-жасөспірімдік разрядты спортшы», «3-жасөспірімдік разрядты спортшы», мынадай спорттық атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы күәліктің электрондық көшірмесі немесе бұйрықтың электрондық көшірмесі немесе бұйрықтан үзіндінің электрондық көшірмесі.

Спорттық атақты беру туралы бұйрықтың көшірмесі немесе бұйрықтан үзінді уәкілетті органның мөрімен расталады, спорттық разряд беру туралы бұйрықтың көшірмесі немесе бұйрықтан үзінді жергілікті атқарушы органның мөрімен расталады;

4) 3x4 өлшемдегі алты фотосурет;  
 5) ОРММИК-ке оқуға түсушілер үшін бірынғай республикалық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген халықаралық немесе республикалық немесе облыстық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғаны туралы күәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстар хаттамаларының (бар болған жағдайда), облыстық ОРММИК-ке және СДБМИ-ға оқуға түсушілер үшін бірынғай аймақтық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың немесе қалалық, немесе аудандық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғандығын күәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстың хаттамалардың электрондық көшірмелері (бар болған жағдайда);

6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 казандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығының 3-қосымшасымен бекітілген амбулаториялық-емханалық үйымдарда пайдаланылатын медициналық есепке алу күжаттама түпнұсканың электрондық көшірмелері, атап айтқанда электрондық көшірмелері: № 075/у нысандағы медициналық анықтамасының (дәрігерлік

кәсіби-консультациялық қорытынды) қанның, несептің жалпы талдауының деректері өтінім беру күніне дейін 10 күнтізбелік күн бұрын, стоматолог, эндокринолог, кардиолог, туберкулезге қарсы маманың (фтизиатр) (тұракты Манту реакциясы жағдайында) корытындыларының), № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық науқастың медициналық картасының (бар болған жағдайда), № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелердің картасының, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай туралы медициналық анықтамасының, жүректің, бүйректің, ішектің мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі туралы медициналық қорытындыларының, электроэнцефалограф негізінде жасалған медициналық қорытындысының, сондай-ақ мидың магниттік-резонанстық көрінісі туралы қорытындысының (бокс бөліміне түсу кезінде).

**ОРММИК колледжінің бірінші курсына оқуға түсушілер үшін:**

**көрсетілетін қызметті алушының (ата-анасының немесе занды өкілінің)  
ЭЦҚ-мен қуәландырылған электрондық  
құжат нысанындағы сұрау салу);**

**1) осы Қағидалардың З-қосымшасына  
сәйкес нысан бойынша толтырылған  
споршының жеке карточкасының  
электрондық көшірмесі;**

**2) жалпы орта білім туралы аттестаттың  
электрондық көшірмесі;**

**3) Ұлттық бірынғай тестілеу  
сертификаты немесе кешенді тестілеу  
сертификатының электрондық көшірмесі  
(бар болған жағдайда);**

**4) «Қазақстан Республикасының Еңбек  
сінірген спорт шебері», «Қазақстан  
Республикасының халықаралық  
дәрежедегі спорт шебері», «Қазақстан  
Республикасының спорт шебері»,  
«Қазақстан Республикасының спорт  
шеберлігіне кандидат» мынадай спорттық**

атақтар немесе спорттық разрядтар беру туралы қуәліктің электрондық көшірмесі немесе бұйрықтың (бұйрықтан үзінді) электрондық көшірмесі;

5) 3x4 өлшемдегі электрондық фотосурет;

6) ОРММИК-ке оқуға түсушілер үшін бірынғай республикадық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне енгізілген халықаралық немесе республикадық немесе облыстық спорттық жарыстарда жүлделі орын алғаны туралы куәландыратын дипломдардың, грамоталардың, жарыстар хаттамаларының электрондық көшірмелері (бар болған жағдайда);

7) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығының З-қосымшасымен бекітілген амбулаториялық-емханалық ұйымдарда пайдаланылатын медициналық есепке алу құжаттама түпнұсқасының электрондық көшірмелері, атап айтқанда электрондық көшірмелері: № 075/у нысандағы медициналық анықтамасының (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды) қанның, несептің жалпы талдауының деректері өтінім беру күніне дейін 10 күнтізбелік күн бұрын, стоматолог, эндокринолог, кардиолог, туберкулезге қарсы маманның (фтизиатр) (тұрақты Манту реакциясы жағдайында) корытындыларының), № 052/е нысаны бойынша амбулаториялық науқастың медициналық картасының (бар болған жағдайда), № 065/е нысаны бойынша профилактикалық екпелердің картасының, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдай туралы медициналық анықтамасының, жүректің, бүйректің, ішектің мүшелерінің ультрадыбыстық зерттеуі туралы медициналық қорытындыларының,

**электроэнцефалограф негізінде жасалған медициналық қорытындысының, сондай-ақ мидың магниттік-резонансстық көрінісі туралы қорытындысының (бокс бөліміне тұсу кезінде).**

9. Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер
  


---

10. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

- 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтауы;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған деректер мен мәліметтердің осы Стандартында және осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеуі.

Кұжаттар окуға түсушілердің ата-аналарынан немесе занды өкілдерінен қабылданады:

- 5, 6, 7, 8 және 9 – сыныптарға - ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 маусымынан бастап 20 тамызға дейін қоса алғанда;
  - 10 және 11-сыныптарға-ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 маусымынан бастап 20 тамызға дейін қоса алғанда;
- колледжге - ағымдағы күнтізбелік жылдың 20 маусымынан бастап 20 тамызға дейін қоса алғанда.**

Көрсетілетін қызметті алушы өзінің ЭЦҚ болған жағдайда, мемлекеттік қызметті алуша сұранысты портал арқылы электрондық нысанда жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында көрсетілген телефондар арқылы немесе Бірыңғай байланыс орталығының

1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.

Олимпиадалық резервтің  
республикалық, облыстық,  
республикалық маңызы бар  
қалалардың, астананың  
мамандандырылған мектеп-интернат-  
колледждері және спорттағы дарынды  
балаларға арналған облыстық,  
республикалық маңызы бар  
қалалардың, астананың мектеп-  
интернаттары қызметінің  
қағидаларына 1-1-қосымша

Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және спорт министрлігі Спорт және  
дene шынықтыру істері комитетінің  
«Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы  
олимпиада резервінің республикалық  
мамандандырылған мектеп-интернат-  
колледжі» РММ «Дене тәрбиеси  
және спорт» 01140500 мамандығы,  
«Спорт жаттықтырушысы-оқытушы»  
4S01140503 біліктілігі бойынша 2022-  
2023 оку жылына білім алушыларды  
қабылдау ережесіне  
1-1-қосымша

## **Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі  
Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабының 1-тармағын, 2-тармағының  
1) және 2) тармақшаларын басшылыққа ала отырып, олимпиадалық резервтің  
республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың  
мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды  
балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың  
мектеп-интернаттары:

(атауы және занда мекен-жайы)

мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартында көзделген тізбеге сәйкес  
құжаттардың толық топтамасын ұсынбауынызға байланысты «Олимпиадалық  
резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың,  
астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы  
дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың,  
астананың мектеп-интернаттарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызмет  
көрсетуден бас тартады, атап айтқанда жоқ және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп  
кеткен құжаттардың атауы:

- 1) \_\_\_\_\_ ;  
2) \_\_\_\_\_ ;

3) \_\_\_\_\_.

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Орындаушы: \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), (колы)

Телефоны: \_\_\_\_\_

Алдыым: \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алупышың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), (колы)

20 \_\_\_ жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің «Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» РММ «Дене тәрбиесі және спорт» 01140500 мамандығы, «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» 4S01140503 біліктілігі бойынша 2022-2023 оқу жылына білім алушыларды қабылдау ережесіне 1-2-косымша

**Көрсетілетін қызметті алушыдан  
құжаттардың алынғаны туралы қолхат**

Оқу орны \_\_\_\_\_  
(оқу орнынын атауы)

\_\_\_\_\_ (елді мекен, аудан, қала және облыс атауы)

Күжаттардың қабылданғаны туралы № \_\_\_\_\_ қолхат.  
мынадай қүжаттар алынды:  
(корсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болса)

1. Өтініш.
2. \_\_\_\_\_.
3. \_\_\_\_\_.

Қабылдады: \_\_\_\_\_  
Т.А.Ә. (бар болса) (коло)

20 \_\_\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_